

А. Б. Келдібекова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекші: Ө. А. Тұреанов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы

ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕСУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде экстремизмге қатысты нақты норма жоқ, тек қана экстремистік белгілері бар қылмыстар деп Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 41-бабының ескертуінде 164, 168-171, 233-3, 236-баптарында 337-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 337-1-бабы танылған.

Халықаралық қатынастардың ерекше аясы болып экстремизм табылады. Бәріміз білетіндей, аталған бұл құбылыс белгілі-бір мемлекеттің аумағында орын алғанымен, бүкіл әлемді мазасыздандыратын мәселеге айналды. Себебі бұл оқиға дүние жүзілік қауымдастықтың мүдделеріне қайшы тұрып, олардың бейбіт, тыныш және ынтымақтастық өмірін қауіпті жағдайға тірейді. Алайда, көптеген ғалымдар, бұл мәселелерді әлемдік құқықтық қатынастардың жаһандануымен байланыстырады. Қазіргі заман өзінің күрделі қатынастарының қиындай түсуімен және рухани құндылықтарға кері көңілмен қараудың тенденциясымен түсіндірілетін адам және қоғам, қоғам және мемлекет, мемлекет және әлемдік қауымдастық арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соқтырады.

«Экстремизм» — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы кезеңдері болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда Экстремизм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау үшін барлық объектілерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін барудан тайынбайды.

Орта Азия аймақтарында экстремизм мәселесі ерекше көңіл аударуға тұрарлық жағдай. Аталған аймақ Қазақстанға көршілес мемлекеттерден тұрғандықтан өздерінің аумақтарында экстремизм көріністері жандануының көркейуіне байланысты туындаған ішкі тұрақсыздық жағдайлары үлкен қауіп төндіреді. Атап айтатын болсақ Өзбекстан, Қырғызстан, Кавказ елдеріне діни экстремизмнің қарқынды дамуы мен анық байқалуы ерекше алаңдатады. Діни экстремизм туралы сөз болған кезде діни секталар ойға бірінші келеді. Діни экстремизмді ислам дінімен байланыстыруға болмайды. Жалпы дін емес, діни ағымдар экстремистік әрекеттердің негізгі қайнар көзі болып табылады. Бүгінгі күнде экстремисттік әрекеттердің резерві әлсіз күйде деп айту қате деп ойлаймыз. Оған бірден бір себеп жас жеткіншектердің дінге деген көзқарасы. Дін туралы ешқандай хабары жоқ жастарымыз таза жолға түсемін деп Мешіт есігін ашады, бірақ та дін туралы хабары жоқ жас жеткіншектің дін мен сектаның қайшылықтарын қайдан білсін? Бұл діни сектаға кірудің бір жолы.

Біздің пайымдауымызша экстремизм қарқынын төмендету мақсатында онымен күресудің тиімді әдістерін жетілдіру керек. Атап айтсақ:

- экстремизм түсінігі мен себептерін анықтау – яғни оның пайда болуына қандай себептер бар, қаржыландыратын экстремисттік топтарды немесе діни секталарды анықтау;
- қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына ішкі қауіптерді анықтау;
- қазақстанның қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылығына ішкі қауіптерді анықтау;
- Қазақстан мен Орта Азия аймағында экстремизммен күресуге бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін анықтау;
- орта Азия аймағында діни экстремизмнің құқықтық ерекшеліктерін ашу мен оның ішкі және сыртқы факторларын айқындау.

Жоғарыда көрсеткеніміздей жастар мәселесін, атап айтсақ жастарды экстремизмге тартудың алдын-алу немесе ескерту мақсатында оны арнайы реттейтін норманың болуын қолдаймыз. Осы аталған мақсатты негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 132-бабының 4-тармағына келесідей редакцияны көрсетілуін ұсынамыз, яғни «кәмелетке толмаған адамдарды экстремистік сипаттағы әрекеттерге тарту». Сонымен қатар ұсынылып отырған экстремизм белгісі бар қылмыс деп Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 41-бабының ескертуінде де көрсетілуін ұсынамыз. Осы біздің ұсыныстарымыз, еліміздегі экстремистік әрекеттер болуы мүмкін секталар мен экстремисттік топтардың қылмыстық әрекеттерін алдын алуға өз үлесін тигізеріне сенімдіміз.